

**«АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»**

КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ

**«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА АЛМАТЫ»**

050001, Алматы қ., Республика алаңы, 4  
тел.: 8 (727) 271-65-09, факс: 8 (727) 262-34-82  
e-mail: dep@edualmaty.kz

050001, г. Алматы, площадь Республики, 4  
тел.: 8 (727) 271-65-09, факс: 8 (727) 262-34-82  
e-mail: dep@edualmaty.kz

05 09 15 № 19-3/4594

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл ұлттық бюросының  
Алматы қаласы бойынша  
(сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
қызмет) департаменті**

2017 жылғы 15 шілдедегі  
№4263 хаттың жауабына қосымша

Алматы қаласының Білім басқармасы Г. Абилянсурдың өтінішін қарап, келесіні хабарлайды.

Өтініште көрсетілген фактілерді анықтау үшін, Алматы қаласы Білім басқармасының 2017 жылғы 24 тамыздағы №294 бұйрығының негізінде, комиссия құрамы бекітілді: Адилова Л.К. – Медеу аудандық білім бөлімінің бас маманы, Әбдіманапова Қ.А. – орта білім беру бөлімінің бас маманы, Закиров Г.К. – Алматы қаласы Медеу ауданы педагог қызметкерлерінің «Үстаз» кәсіподақ ұйымының торағасы, Ақылбекова Ә.Н. – қалалық әдістемелік кабинеттің әдіскері, Шунаев Ж.С. – №4 гимназияның директоры, Белкина О.А. – №52 мектептің директоры, Лесбаева Г.Е. – №8 мектеп-лицейдің бас есепшісі.

Жұмыс барысында анықталды:

1. 2012 жылы музыкалық аппаратура сатып алынбаған және теңгерімде жоқ. Қолданыстағы аппаратура музыка пәнінің мұғалімі Н.В. Хетайға тиесілі.
2. 2013 жылы мектепте өткізілген мемлекеттік аттестаттауға, Қаржылық бақылау инспекциясының тексеру жұмысына педагогикалық ұжым мүшелерінің айтуына мұғалімдерден ақша жиналмаған.
3. 2016 жылдың тамыз айында ұжым мүшелері терроризмге қарсы дайындық курсынан өтті. Өткізілген курстың сертификатын алу үшін бюджеттен қаражат қарастырылмағанына байланысты 30 000 (отыз мың) теңге ұжым мүшелерінен ерікті түрде жиналды. Сертификат пен төлем түбіртегі комиссия мүшелеріне ұсынылды.
4. 2016 жылдың қараша айында қайырымдылық жармеңкесі өткізіліп, одан жиналған 40 000 (қырық мың) теңге мектепті безендіруге жұмсалды.
5. Кәсіподақ комитетінің мүшелері жаңа жыл және тағы басқа мерекелерде кәсіподақ қаражатын жұмсау бойынша құжаттарын толық жүргізіп отырады. Жаңа жыл мерекесін өткізуге ұжым мүшелері ерікті түрде жиналып, атап өткен.

6. Мектептегі педагог кадрларды аттестаттау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 тамыздығы №323 бұйрығымен бекітілген ережелерге сәйкес өткізілген. Аттестаттаудан өткен мұғалімдер мектеп директорына ешқандай ақша, сыйлық бермеген. Мұғалімдер өз араларында біліктілік санатын алғандарын атап отуді жоспарлап, кейін бармағандарын түсініктемеде жазып берді.
7. Оқу кабинеттеріндегі материалдарды жүйелендіру бойынша жүргізілген аудандық зерделеуге ешқандай ақша жиналмаған.
8. Ұжым мүшелері жалпы мектеп директорының қызметкерлермен дорекі сөйлесетінін, мейрам сайын сыйлықтар беруді талап ететінін жоққа шығарды.
9. Медеу ауданы мектептерінде ұзартылған күн тобы (ҰКТ, ГПД – группа продленного дня) 2015 жылдан бастап мүлде жоқ. Лакиза Л.А. өз түсініктемесінде жазғандай, 2«Б» сыныбында ешқандай ҰКТ жүргізбеген, журнал толтырмаған және ешкімнен ақша алмаған.
10. Мектептің бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес педагогикалық кеңестер уақытылы өткізіліп отырады, хаттамалармен расталды.
11. Үстеміздегі жылдың сәуір айында болған зерделеу жұмыстарынан кейін кәсіподақ торайымы А.К.Ахмамбетова торағалық міндеттен өз еркімен бас тартты. Сол себепті кәсіподақ жиналысында жаңадан кәсіподақ торайымы сайланды.
12. Мектептегі ішкі жұмыс тәртібі әкімшілікпен бекітілген. Ал еңбек келісім шарты 1 жылдан соң ұзартылады, оны жыл сайын қайта құрудың қажеттілігі жоқ.
13. Г.Абилмансурдың айлық жалақысын тексеру барысында 31079,53 теңге артық төлем бір есепті анықталды. Кәсіподақ жарнасы 1% көлемінде ай сайын ұстатыл. «Үстемі» кәсіподақ ұйымына аударылып отыр.

Өз кезегінде мұғалім Г.А.Абилмансурға қатысты Алматы қаласы Медеу аудандық ІІБ «Д.Снегин атындағы №30 мектеп-гимназия» КММ 6 сынып оқушысына жасалған дене жаракатына байланысты ата-ананың 13.04.2017ж. берген өтініші қаралды және оған сөгіс беру туралы талап етілді. Аталған дерек ЕРДР № 177517031001930 ҚР ҚК 140 бабындағы 2 тармағы (Алматы қаласы Медеу аудандық Прокуратурасы мен Білім басқармасының өтініші негізінде) Алматы қаласы Медеу аудандық ІІБ ұсынысына сәйкес тіркелді.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 51-бабының 3 бөлімінің 7, 8 тармақтарын орындамағаны үшін мұғалім Г.А.Абилмансурға қатаң сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылды.

Алматы қаласының Білім басқармасы Г.А.Абилмансурдың №30 мектеп-гимназияға қатысты 2017 жылғы сәуір және пілде айларындағы арыздарын қарап, лауазымдық міндеттерін талапқа сай жүргізбеген тұлғаларға тәртіптік жазалау шаралары қолданғанын хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 65 бабына сәйкес, әр тәртіптік теріс қылық үшін жұмыскерге бір тәртіптік жаза ғана қолданылатын ескеріп, Г.А.Абилмансурдың нағым хаттарын қарауды тоқтатуды ұсынамыз.

Арызданушы Г.А.Абилмансурға жауап жолданды.

Басшы



Р. Шимашева

Орынд.: А.Сапарова  
Тел.: +7 (727) 2917812